

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.05.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/14848/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ізнатова Кенжегүл Жүгінісқызы

Мақсаты:

1. Оқушылардың мақал – мәтелдерге, жұмбақтарға деген қызығушылықтарын арттыру. Мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды көптеп білуге, шапшаңдыққа баулу.
2. «Сөз мәйегі — мақал» дегендей, ата-бабамыздан қалған өсиет сөздер арқылы шәкірттерді адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.
3. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту.

Өтілу барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Сайысқа қатысушылар үш топқа бөлінеді. Мұғалімдерден әділ қазылар сайланады.

Мұғалім: Құрметті оқушылар мен ұстаздар! Біздің «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» атты сайысына қош келдіңіздер!

Бұл сайысқа 2-4 сынып оқушыларынан құралған үш топ қатысады:

1. «Сұңқар» тобы.
2. «Барыс» тобы
3. «Қыран» тобы.

Алдымен мақал-мәтел дегеніміз не? Қысқаша тоқталып өтсек. Мақал-мәтелдер-халық даналығының қазына байлығы, ата-бабамыздан қалған өшпес мұра. Олар ғасырлар

бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Көлемі жағынан шағын болғанымен, уақыт өткен сайын мағынасы тереңдеп, құны артып, қымбат қазынаға айналып келеді. Мақал-мәтел-тәрбиелік мәні зор, рухани байлық.

Ендеше біз бүгінгі сайысымызды бастайық.

1-бөлім: «Кім көп біледі?» Қатысушы топтар мақал-мәтел айтудан жарысады. (1 минут уақыт берілед, сол уақыттың ішінде топтар қанша мақал айтса, ұпай саны да соған қарап қойылады.)

2-бөлім: «Мақал-сөзің мәйегі» (тақтада мақал-мәтелдің басы беріледі, қатысушы топтар мақалды жалғастырады)

- 1.Туған жердей жер болмас, ... (туған елдей ел болмас)
- 2.Отан үшін отқа түс,... (күймейсің)
- 3.Отанды сүйю... (отбасынан басталады)
- 4.Өнер-ағып жатқан бұлақ, ... (білім – жанып тұрған шырақ)
- 5.Жақсының аты өлмейді ... (ғалымның хаты өлмейді)
- 6.Еңбек етсең ерінбей, ... (тояды қарның тіленбей)
- 7.Көп түкірсе, ... (көл)
8. Еріншек егіншіден, ... (елгезек масақшы озыпты)
- 9.Жылай-жылай арық қазсаң, ... (күле-күле су ішерсің)
- 10.Еңбек етпесең, елге өкпелеме, ... (егін екпесең, жерге өкпелеме)
- 11.Ердің атын, ... (еңбек шығарар)

4-бөлім: «Ойлы болсаң озып көр» Жұмбақшыға жұмбақ жасырылады, соның тапқан сөзіне мақалшы мақал құрастыру керек.

1. Жұмбақ: Шыңдары шырқау,

Көшіп жүр бір тау. **(түйе)**

Мақал: Көрмес түйені де көрмес.

2. Жұмбақ: Жайған жастық сөгілді,

Аппақ мамық төгілді. **(қар)**

Мақал: Қалауын тапса қар жанар.

3. Жұмбақ: Желден желігеді

Судан шегінеді. **(от)**

Мақал: Отан оттан да ыстық

5-бөлім: «Ойлан, тап ізден» Бір біріне жұмбақ жасыру.

6-бөлім: Қортынды: Жеңімпаз топтарды мақтау қағаздарымен марапаттау

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.